

«Келісілді»

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№ 10 жалпы білім беретін мектебі» КММ

директоры:

Балтабаева А.С.



Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 10 жалпы білім беретін мектебі» КММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша

**талдамалық анықтама
2022 жылдың 2-ші кварталы**

Қостанай қаласы

30.06. 2022 ж.

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 10 жалпы білім беретін мектебі» КММ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді (01 қаңтар 2021 жылдан – 29 маусым 2021 жылға дейін). Ішкі талдау ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы тыралы 2015 ж. 18 қарашадағы Заңының 8 бабы 5 тармағына, ҚР мемлекеттік қызметіне және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 7 сәуірінде бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізудің әдістемелік нұсқаулығына сәйкес, сонымен қатар мектеп директорының 2022 жылдың 18 наурыз № 137 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы негізінде 2022 жылғы 27 маусымнан 2022 жылғы 30 маусымға дейін Қостанай облысы әкімдігінің білім бөлімінің басқармасы «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 10 орта мектебі» КММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2022 жылдың 2-ші кварталына жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы:

Алтай Қ.Т. директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – **жұмыс тобының төрайымы.**

Жұмыс тобының мүшелері

Биримжанова А.К. – директордың әдістемелік ісі бойынша орынбасары

Бейсенова Ж.М. – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Қойтбаева З.А. – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, балалардың құқығын қорғау уәкілі

Курганбекова У.А. – бас есепші.

1. Персоналды басқару

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 10 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (әрі қарай № 10 жалпы білім беретін мектеп) еңбек функциялары келесі қызмет бағыттары бойынша жүзеге асырылады: әкімшілік қызмет, педагогикалық қызмет, шаруашылық қызмет. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі ішкі тәуелдеріге жүргізілген талдау № 10 жалпы білім беретін мектебінде персоналды басқаруы ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатынын ҚР Еңбек кодексіне, ҚР «Білім туралы» Заңына, ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, педагогикалық әдеп-қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Өз кезегінде басқару қызметі келесі бағыттардағы басқару функциялары арқылы жүзеге асырылады: тәрбие жұмысы, ғылыми-әдістемелік жұмыс, дарынды оқушылармен жұмыс, оқу жұмысы, материалдық – техникалық қамтамасыз ету.

Ұжымның штаты 97 адамды құрайды, оның ішінде педагогтар мен тәрбиешілер — 63, 34 адам техникалық персонал.

Ұжымның нақты саны 118 адамды құрайды, оның ішінде 76 мұғалім (оның ішінде 13 мұғалім бала күтімі демалысында және 42 техникалық персонал (оның ішінде 5 адам бала күтімі демалысында, қоса жұмыс атқарғыш 3 адам).

Этникалық ұлттық құрамы бойынша ұжымның 91,8 %қазақтар, 6,3 %орыстар, 0,9 % украиндер, 0,9 %.чуваштар.

Оның ішінде **мұғалімдер құрамының** ұлттық құрамы: 96 % қазақтар, 2,6 % орыстар – 2, 1,3 %чуваштар.

Техникалық персоналдың этникалық ұлттық құрамы : 82,3 % қазақтар, 14, 7 % орыстар, 2,9 %украиндер.

2022 жылдың 1 –ші жартыжылдығында техникалық персоналдан **11 адам жұмыстан шықты** (басқа жұмысқа ауысуына байланысты), мұғалімдер 1 адам (басқа жұмысқа ауысуына байланысты) жұмыстан шықты.

2022 жылдың 1-ші жартыжылдығында **17 адам жұмысқа қабылданды** , оның ішінде **15 адам техникалық персонал, 2 адам мұғалім.**

Педагогикалық ұжымның сапалық құрамы талдай келе, ұжымда педагогтардың біліктілік санаттарына ие екендігін атап өткен жөн. Бұл педагог –шебер -0, педагог-зерттеуші - 25, педагог-сарапшы -10, педагог-модератор - 11, педагог-жоғары санатты -1, 1 санаттағы - 2, 2 санаттағы – 3, санатсыз - 10.

Әкімшілік құрам арасында орынбасардың саны - 6, оның ішінде 1 санатты – 3 орынбасар; санатсыз – 3.

Жасы және жұмыс өтілі бойынша: техникалық персоналдың құрамының орташа жасы **51**, мұғалімдердің орташа жасы **42**, әкімшілік – жұмыс өтілі орта есеппен **12** жыл. **2** зейнеткер жасындағы техникалық персоналдан жұмыс жасайды. Зейнетке дейінгі жастағы жұмысшылар **8** адам, оның ішінде **5** мұғалім, техникалық персонал **3** адам.

Осылайша, сапалы құрам білім беру ұйымы ретінде жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Ұжым тұрақты.

Қызметкерлерді оқытудан, біліктілігін арттырудан өту мерзімдері мен тәртібі аттестаттаудың және курстық қайта даярлаудың перспективалық жоспарларымен регламенттелген, Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасының негізінде және оған сәйкес жүзеге асырылады. Аттесталатын мұғалімдермен педагог қызметкерлерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын сақтау мәселелері бойынша жеке және топтық онлайн әңгімелесулер мен консультациялар өткізілді. Тексерілетін кезеңде — 2022 жылдың 2-ші кварталында аттестаттаудан, біліктілікті арттыру курстан өткен мұғалімдер болған жоқ.

Тәлімгерлікті ұйымдастыру ережесін және тәлімгерлікті жүзеге асыратын мұғалімдерге қойылатын талаптар бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 24.04.2020 ж. № 160 бұйрығы және № 10 мектебінің педагогикалық кеңесінің шешімі (28.08.2021 ж. № 1 хаттама), «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 10 орта мектебі» ММ 2021 жылғы № 35 бұйрығы негізінде келген жас маманға тәлімгер бекітілді.

"Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау" бағыты бойынша мүдделер қақтығысының болу фактілері анықталған жоқ.

Ұжым тұрақты жұмыс істейді, кадрлардың тұрақтамауы шамалы, сондай-ақ қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдардың бұзушылықтары анықталған жоқ.

Тәртіптік тәжірибені талдай отырып, № 10 орта мектеп ұжымының мүшелері 2022 жылдың 2-ші кварталында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, еңбек заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылмады. Мектепте мүдделер қақтығысы болған жоқ.

Жалпы № 10 орта мектеп ұжымының қызметі жүктелген функциялар мен міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған.

2. «Мемлекеттік қызметтер көрсету»

ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м. а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НК, бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік қызметтер Тізіліміне сәйкес № 10 ЖББМ-сі жеті Мемлекеттік қызмет көрсетеді:

1. "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау" (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 - 03.06.2021 ж. № 275 бұйрығы);

2. "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау" (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулармен 03.06.2021 ж. ЛФ 275).

3. "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау" (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 Бұйрығы);

4. "Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру" (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы бұйрығы № 39 ж. - 07.06.2021 ж. № 277 өзгерістер мен толықтырулармен);

5. "Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну" (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығы);

6. "Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру" (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығы);

7. "Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттарды қабылдау" (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы— өзгерістер мен толықтырулармен 12.11.2021 ж. № 561);

Ішкі талдау барысында анықталды:

1. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» (маусымнан тамызға дейін) мемлекеттік қызмет көрсету бойынша болған жоқ. 2022 жылғы 2-ші кварталда **26** өтініш түсті. Оның ішінде «Сакура» арқылы **26** оқушы мектепке қабылданды, **13** оқушы кетті.

2. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау». 2022 жылғы 2-ші кварталда **64** өтініш түсті. Оның ішінде «Сакура» арқылы **57** оқушы мектепке қабылданды.

3. «Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет көрсету бойынша өтініштер болған жоқ.

4. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету бойынша өтініштер болған жоқ.

5. 2021 - 2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысын (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпандағы №255 Қаулысы), «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, жергілікті атқарушы органдар көрсететін білім және ғылым саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі №198 Қаулысын (2018ж. 13 желтоқсандағы №684 ҚР БЖҒМ бұйрығына өзгерістер енгізу) іске асыру мақсатында оқушылардың жазғы демалысқа әлеуметтігі қорғалмаған 6 оқушыға қала сырты лагеріне Қазақстан Республикасындағы Сакура электрондық мектеп порталы арқылы ата –анасынан өтініш алынып,

құжаттары тапсырылып, жолдама берілген. Қала сырты сауықтыру лагеріне ата –анасының қамқорлығынсыз қалған отбасы оқушысы-1, атаулы әлеуметтік мекенжай анықтамасы бар отбасы оқушысы – 4, басқа санаттағы оқушы-1. Оқушылар 10 күн көлемінде қала сыртындағы «Детский квартал» жазғы демалыс лагеріне жіберіледі.

6. "Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жазғы мектеп алды алаңдарда тегін тамақтануды ұйымдастыру бойынша мектеп жанында демалу үшін әлеуметтігі қорғалмаған 7 оқушының ата –анасынан нысан бойынша өтініш алынып, тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Әлеуметтік мекенжай анықтамасы бар -7.

7. «Педагогикалық қызметкерлерге және оларға теңестіріген адамдарға мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын іске асыратын, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейін біліктілік санаттарын беру (рәсімдеу) үшін аттестаттауға құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету бойынша өтініштер болған жоқ. Мемлекеттік қызметті алудан бас тарту, қызметкерлердің сапасына немесе қызмет көрсету мерзіміне қатысты келіп түскен шағымдар болған жоқ.

Мектептің мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша уәкілетті органдардан бақылау 2022 жылдың 2 -ші кварталында маусым айында қалалық білім бөлімінің болды.

Бақылау іс-шарасының нәтижелері туралы мәліметтер.

1. "Электрондық үкімет" веб-порталында, мемлекеттік органның интернет-ресурсында Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіру мерзімінің сақталуы және бірыңғай байланыс орталығына жолдауға қойылатын талаптардың сақталуы-жаңартылды.
2. Сұрау салу бойынша Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің орындалу сатысы туралы хабардар ету, сондай — ақ көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы толық және анық ақпарат беру-бұзушылықтар анықталған жоқ.
- 3.мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша растайтын құжаттардың (сертификаттар, дипломдар және т. б.) болуы —бар (Алтай К. Т.).
- 4.— Көрсетілетін қызметті берушілер орналасқан жерлерде мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесінің және оларды толтыру нысандары үлгілерінің болуы-бар.
5. Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы Мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректер енгізуді қамтамасыз ету — бар.
6. Тегін негізде көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету кезінде төлемді талап етуге жол бермеу — барлық мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

7. Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол бермеу — бұзушылықтар анықталған жоқ.
8. Көрсетілетін қызметті алушыдан артық құжаттарды талап етуге жол бермеу және бұзушылықтар анықталған жоқ.
9. Құжаттар пакеті толық болмаған жағдайда Мемлекеттік қызмет көрсетуге жол бермеу — бұзушылықтар анықталған жоқ.
10. Қызмет көрсетушінің жұмыс кестесін сақтауы ЖББМ 10 әкімшілігі жұмыс кестесін сақтайды.
11. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін сақтауы — сақталады.
12. Мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту-негізделген.
13. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін сақтау-сақталған.
14. Көрсетілетін қызметті алушыны тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жататын шағымды қарау нәтижелері туралы хабардар ету, сондай — ақ көрсетілетін қызметті алушының шағымын толық қанағаттандыру бойынша талаптардың сақталуы-мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы ақпарат түскен жоқ.
15. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылау жөніндегі жұмыс туралы есептік нысанда көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті материалдары бар есептің және есепке талдамалық анықтаманың (бұйрықтардың, хаттамалардың, шешімдердің, хаттардың, анықтамалардың, қызметтік жазбалардың көшірмелері, фотоматериалдар) болуы — бар.
- 16; "Электрондық үкімет" веб-порталында, интернет-ресурстарда және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында жыл сайын орналастыруға жататын көрсетілетін қызметті берушілердің, мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есептерді жылына кемінде бір рет жария талқылаулар өткізу — бар.

Мектепте мемлекеттік сатып алу көлемі 2-ші кварталында 38 болды, оның ішінде жұмсалған қаражаттың суммасы 4948,9. Оның ішінде ашық конкурстарға мектеп қатысқан жоқ. Баға ұсыныстардың сұранысы 28, оның ішінде 3138,3 суммасына, бір көзден жасалмаған баға ұсыныстар бойынша сұраныстар 10, оның ішінде 1256,5 суммасына. Ашық тауар биржалары арқылы және аукцион арқылы мемлекеттік сатып алу жасалған жоқ. Бір көзден тікелей келісімшарт арқылы жасалған мемлекеттік сатып алу жасалған жоқ.

№ 10 жалпы орта білім беретін мектептің сайтында мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат үнемі жаңартылып отырады, мемлекеттік қызметер орналастырылады. Мектепте өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы бар.

Мемлекеттік қызметтерге жауапты адамдар күн сайын көрсетіліген мемлекеттік қызметтердің есебін жүргізеді және осы ақпаратты Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы «Қостанай қаласы білім бөлімі» КММ күн сайын жібереді. Мемлекеттік қызметтерді ұсыну және олардың сапасын

жақсарту мәселелері № 10 жалпы орта мектебінің директордың маңындағы кеңесінің кезектен тыс № 3 отырысында 2022 жылдың 08 сәуірінде қаралды. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу және шағымдар жоқ.

Мәселелер: Ата-аналар компьютерлік сауаттылық дағдыларын нашар меңгерген және электрондық жүйемен өз бетінше жұмыс істей алмайды. Мемлекеттік қызмет көрсету уақытын арттырады.

3. «Рұқсат беру функцияларын іске асыру»

№ 10 ЖББМ рұқсат беру қызметін іске асырмайды.

4. «Бақылау функцияларын іске асыру»

№ 10 ЖББМ бақылау функцияларын іске асырмайды

5. "Мектептің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын басқа мәселелер»

Білім беру ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің тиімділігі, оның ішінде оның іс-шараларын іске асыруға мектеп қоғамдастығының қатысуымен қамтамасыз етіледі. Осы мақсатта Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 10 орта мектебі» ММ әкімшілігі ата-аналар үшін жазбаша, ауызша түрде мектеп ұжымының мүшелерімен өзара әрекеттесу барысында кездескен сыбайлас жемқорлық фактілері туралы шағымдар мен өтініштер беру мүмкіндігін қамтамасыз етті.

Әкімшілік мүшелері кестеге сәйкес азаматтарды қабылдайды. Қабылдау уақыты туралы ақпарат ақпараттық стендте орналастырылған.

2022 жылдың 2-ші квартал аралығында жеке тұлғалардан 35 өтініш келіп түсті. 35 -нің барлығы ата-аналардан түсті, олардың барлығы қанағаттандырылды, өйткені барлығы балалардың сабақтардан босату болып келді, отбасылық жағдайларға байланысты болды. Барлық өтініштер қаралып, қанағаттандырылды, түскен шағым жоқ.

Оқу жылының басынан бастап оқушылар мен ата-аналар үшін мектепте 224833 "сенім телефоны" жұмыс істейді, ол бойынша толғандыратын мәселелер бойынша жүгінуге болады және электрондық жәшік жасалды олар өз өтініштерін жібере алады. Электрондық пошта, сенім телефонының мекенжайы туралы хабарландырулар мектеп, АЖҚ фойесіндегі ақпараттық стендтерде орналасқан және оқушылар мен ата-аналардың назарына жеткізілген.

Мектепте 15 оқушы кіретін "Адал Ұрпақ" ерікті клубы құрылды. Мектеп клубы қызметінің мақсаты жоғары өнегелі, жауапты, бастамашыл және әлеуметтік Құзыретті азамат пен патриоттың қалыптасуы мен дамуы үшін мектепте жағдай жасау болып табылады. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары келесі секциялардан тұрады: сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім; сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық; мәдени-көпшілік іс-шаралар.

1-11 сыныптарда үнемі жаңартылып тұратын «Парасатты азамат» бұрышы рәсімделді. Сынып сағаттарының тақырыптық жоспарларына адамгершілік және құқықтық мәдениетті арттыру мәселелері қосылды.

«Адал Ұрпақ» тақырыбына байланысты өткізілген іс – шараның негізгі міндеті мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту болып табылады. 5 «Б» сыныбында «Адал ұрпақ- болашақ негізі» атты тақырыбында патриоттық сынып сағаты өткізілді. Аса өнегелі, жауапты бастамашыл және әлеуметтік құзырлы азаматты немесе патриотты қалыптастыру үшін қандай жағдайлар жасауға болатынын, заң аясында қандай мақсаттар көзделгені жөнінде сабақтың басында түсінік берілді. Іс шара барысында ел тарихына шолу жасалып, мемлекеттік қызмет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимылдар жайында бейнеролик көрсетілді. Оқушылардың назарына адал еңбек ету керектігі, еңбек түбі-береке екені айтылып өтті.«Жемқорлық дегеніміз не?», «Жемқорлықтың қалай алдын алуға болады» сынды тақырыптарда әңгіме қозғалды. Әр оқушы өз ойларын еркін жеткізіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы екендерін білдірді.Іс- шараның соңын қорыта келе оқушылар «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбына суреттерін салып қорғап шықты. 9-11 сынып оқушылары арасында «Жемқорлық құқық бұзушылықтардың картасы» жобалар байқауы өткізілді. Жобалар байқауына барлығы 5 оқушы қатысып, өткен жылғы аймақтық баспасөз мониторингін өткізді. Мониторинг нәтижелері бойынша жемқорлық құқық бұзушылықтардың картасы жасалды. Әр сынып өздерінің жобаларымен таныстырды. Үздік жобалар мектеп әкімшілігі тарапынан мадақтамалармен марапатталды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша жұмыс тобы келесі ұсыныстар берді:

1. Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 10 жалпы білім беретін мектебі» КММ педагогикалық қызметкерлері Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңын, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Заңын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Педагогикалық әдеп туралы» 2020 жылғы 11 мамырдағы бұйрығын сақтасын (тұрақты);
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары тоқсанына 1 рет мектептің ресми интернет ресурсында орналастырумен жарияландырумен сыбайлас құқық бұзушылықтарын алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізсін (тұрақты);
3. Мемлекеттік қызметерді көрсетуге жауапты тұлғалар Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызметтер туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158, 19.06.2020 ж. № 254 (17.07.2020 ж. өзгерістермен), 12.10.2018 ж. № 564 (17.07.2020 ж. № 305, 07.08.2020 ж. № 332 өзгерістермен), 27.05.2020 ж. № 223, 22.05.2020 ж. № 219, 28.01.2015 ж.

№ 39 (04.05.2020 ж. № 172 өзгертулермен), 27.01.2016 ж. № 83 (14.05.2020 ж. № 2020 өзгертулермен) (04.03.2022 № 302) бұйрықтарын қатан сақтасын (тұрақты);


4. Мемлекеттік қызмет көрсету Ережесіне сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету (тұрақты);
5. Электрондық форматта көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің үлесін арттыруды қамтамасыз ету (тұрақты);
6. Мемлекеттік қызметтерді алудың баламалы тәсілдері туралы халықты хабардар ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру (газетте жариялау, теледидарда, радиода сөз сөйлеу және т. б.) (тұрақты).

Жұмыс тобының төрайымы:  Алтай Қ.Т.

Хатшысы:  Абылайханова А.К.

Жұмыс тобының мүшелерімен келісілді:

Биримжанова А.К. – 

Бейсенова Ж.М. – 

Қойтбаева З.А. – 

Курганбекова У.А. – 